

«№21 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналды мемлекеттік мекемесінде
2023жылдың 11 желтоқсан күні өткен кезектен тыс жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Жиналысқа қатысқандар мектеп директорының міндетін атқарушы А.Қопашева

Мектептің бас есепшісі: Н.Айтбаева

(Жиналысқа қатысқан мұғалімдер мен тех қызметкерлердің тізімі қосымшаға жалғанды).

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Мектептің бас есепшісінің жылдық есебі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектептің бас есепшісі Н.Айтбаева хабарлама жасады. Ол хабарламасында:

«Мектепке 2023 жылға жергілікті бюджеттің есебінен 162 729 000 теңге бөлінгендігін, оның ішінде жалақы қорынан 82 749 000 теңгені 6 тәрбиеші мен 56 мұғалімнің санаттарына және салықтарына төленгенін; қысқы дайындық жұмысына (дизельный генераторға) жанар-жағар май сатып алғанын; тәрбиешілердің сауықтыруына төленгендігін; 2023жылға мектепке газет-журналға жазылғанын; 9 141 000тг коммуналдық төлемдерге (газ, жарық, кәріз, т.б), 1000 000 теңгесін интернет желісіне; 1-4-сыныптың 478 оқушысын ыстық тамақпен қамтуға 45 945 000тг төленгенін; турникет жүйелерін орнатуға 1 361 000тг жұмсалғанын; ағымдағы жыл ішінде 61 мұғалімнің іс- сапарына 4 979 000тг, ал оқушылардың іссапар шығынына 191 000тг төленгенін; мектептегі аз қамтылған отбасыдан шыққан балаларға мектеп қаражатынан ыстық тамаққа 7 425 000 тг берілгенін; жазғы мектепшілік лагерьге 50 балаға 560 000 тг, Шымкент қаласына 5 оқушыға жолдамаға 446 000 тг бөлінгендігін; мектеп құралдарының алынғандығын; 151 оқушыға 6 125 617 тг көлемінде қаржылай көмек берілгенін; үнемделген қаражат есебінен мектеп оқушыларына «Жаңа жылдық» тәтті сыйлықтар алынғанын жеткізді.

Сонымен қатар «Жан басына шаққандағы» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен 392 152 000 тг бөлініп, соның ішінде жалақы қорынан 334 365 000 тг 96 мұғалім мен 32 қызметкерге жалақы мен салықтары төленіп, 14 449 000тг сауықтыру акысы берілгендігін; мектепке қажетті заттарға (кеңсе тауарларына оның ішінде А4 қағазы т.б) 1 682 000 тг, ағымдағы жөндеу жұмысына 5 408 000 тг, спорттық тауарға 378 000 тг, мектеп асханасына ыдыс аяқ алуға 168 000 тг; 13 371 000 тг мектепке принтер, проектор, интербелсенді тақта, психолог кабинетіне диван, т.б жабдықтар сатып алынғанын жеткізді.

2023жылғы үнемделген қаражаттан мектеп қызметкерлеріне бонус беруге қарастырып жатқанын айтты.

Мектеп директоры м.а:

Хатшы:

А.Қопашева

С.Ұлғатова

